



60.7 (5 қаз 1999)  
Б-24

Батыс Қазақстан облысының Ішкі саясат басқармасы  
"Ақжол" ғылым және білім қоры  
Управление внутренней политики Западно-Казакстанской области  
Общественный фонд науки и образования "Ақжол"

# БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ХАЛҚЫ НАСЕЛЕНИЕ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ



1989-2009

**“БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
1989 – 2009 ЖЫЛДАРДАҒЫ  
ХАЛҚЫ:**

**ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ  
ЖӘНЕ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ”**

**“НАСЕЛЕНИЕ  
ЗАПАДНО – КАЗАХСТАНСКОЙ  
ОБЛАСТИ В 1989 -2009 ГОДАХ:**

**ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ И  
ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ”**

11

443530

“ЖУБАН МОЛДАҒАЛИЕВ  
АТЫНДАҒЫ БАТЫС КАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП  
КІТАПХАНАСЫ”  
МЕМЛЕКЕТТІК МӘКСІМЕ  
БАТЫС КАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ  
ОРАЛ ҚАЛАСЫ, КИРОВ КӨШЕСІ, 47

Орал – Уральск, 2009

УДК 314  
ББК 60.7  
Б 27

**Жауапты редактор:**  
**тарих ғылымдарының докторы, профессор**

**Ответственный редактор:**  
**доктор исторических наук, профессор**  
**СДЫКОВ М.Н.**

Б 27. "Батыс Қазақстан облысының 1989 – 2009 жылдардағы халқының: демографиялық жағдайы және даму үрдістері". Бірінші демографиялық баяндама/ Жауапты ред. М.Н.Сдықов. – Орал. Полиграфсервис. 2009. – 172 бет.

"Население Западно – Казахстанской области в 1989 -2009 годах: демографическая ситуация и тенденции развития". Первый демографический доклад. Отв. ред. М.Н.Сдықов – Уральск. Полиграфсервис. 2009.- 172 с.

ISBN 978-601-7104-45-0

Жұртшылық өкілдерінің, мемлекеттік органдардың, ғалымдар мен мамандардың қатысуымен бірінші рет облыстың демографиялық жағдайын талдауға жалпылама зерттеу жүргізілді. Нәтижелері 1989 – 2009 жылдардағы кезеңдерге демографиялық баяндама түрінде ұсынылып отыр. Оны дайындау барысында ресми статистикалық мәліметтер, мұрағат материалдары және ғылыми зерттеу қорытындылары пайдаланылды.

Баяндаманы дайындау аясында жоба орындаушылары облыстың 6 ауданы мен Орал қаласындағы қоныс аударушыларға әлеуметтік сауалнама жүргізді.

\*\*\*

Первое обобщенное исследование с участием представителей общественности, государственных органов, ученых и специалистов по анализу демографической ситуации в области. Результаты представлены в виде демографического доклада за период - 1989 – 2009 годы. При подготовке использованы официальные статистические данные, архивные материалы и итоги научных исследований.

В рамках подготовки доклада исполнителями проекта проведен социологический опрос мигрантов в 6 районах области и в г. Уральске.

УДК 314  
ББК 60.7

Б 0703000000  
00(05)-09

ISBN 978-601-7104-45-0

© "Ақжол" ғылым және білім  
қоғамдық қоры, 2009

Батыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы  
“Ақжол” ғылым және білім қоры

**“БАТЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫНЫҢ 1989 – 2009  
ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛҚЫ:**

**ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ  
ЖӘНЕ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ”**

**Бірінші  
демографиялық баяндама**

**Жауапты редактор  
Сдықов М.Н.**

**Орал – Уральск, 2009**

## АЛҒЫСӨЗ

Батыс Қазақстан облысы – тарихы бай және тамаша дәстүрлері бар аймақ. Бірақ негізгі құндылығы, әрине адамдар. Жастары мен жыныстары, мінез – құлықтары мен ерік – жігерлері, ұлттары мен мәдениеттері әртүрлі адамдар болғанымен бәрі бірге облыс халқын құрайды.

“Ақжол” ғылым және білім қоғамы бірінші рет облыстың демографиялық жағдайы туралы сараптама баяндамасын ұсынып отыр. Жұмыс Батыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының қолдауымен жүргізілді және мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың неғұрлым өзекті демографиялық проблемаларға назар аударуын көздейді.

1991 жылдан бастап қазіргі Қазақстан тарихында жаңа кезең бастау алып, ірі саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер басталады. Бұл кезеңдегі барлық өзгерістердің діңгегі – қазақ халқының тәуелсіздік алып, өз алдына дербес тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылуы.

Өткен жиырма жылда халықтың демографиялық дамуы өте күрделі - мүлде тоқырауға дейінгі жағдайға таянып барып барлық негізгі демографиялық сипаттамаларды қалпына келтіруге дейінгі жолдан өтті. Барлық кеңестік қоғам аясындағы кеңістікте кеңестік мемлекеттің құлауы экономикалық дағдарыс, туудың азаюы, отбасыларының ажырасуы, қылмыстың өсуі, өмір сүру үшін нар тәуекелдің артуы және өлімнің көбеюі салдары өмір сүру жағдайының нашарлауына әкеліп соқтырды. Халықтың ертеңгі күнге сенімінің жоғалуынан туындағын көш – қон тасқыны адамдар қауымының тек жаңа мемлекет ішіндегі ғана емес, одан тысқары жерлерде де сапырылысуына әкеліп соқтырды.

Батыс Қазақстан облысы бұл әдеттен тыс және күрделі процестерден тысқары қалған жоқ. Халықтың әлеуметтік – демографиялық келбеті түбегейлі өзгерді – саны азайды, жаңа әлеуметтік топтар және жаңа ұлттық құрылым қалыптасты. Тек қана ХХ ғасырдың соңына қарай ғана демографиялық жағдай тұрақтанып, 2002 жылдан бастап Қазақстанда

халықтың біртіндеп қайта өркендеу процесі басталды.

Алай да демографиялық жағдай айтарлықтай өткір күйде қалып отыр және сол себепті де мемлекет пен қоғамның үнемі назарында болуға тиісті. Бұл проблеманы шешудің жолдары қоғамдағы тәуелсіз Қазақстанның толыққанды және тұрақты даму жолын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына “Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әл – аухатының артуы” атты Жолдауында істің жағдайын шынайы зерттеудің және тиісті бағдарламаның жасалуының қажеттілігі айтылды. Мемлекет пен қоғам дамуының стратегиялық жоспарында “Ұлттық қауіпсіздік басымдылықтарының деңгейіне мықты демографиялық және көші – қон саясаты шығарылуға тиіс. Егер біздің мемлекеттік органдарымыз бұған бұрынғыша немқұрайлықпен қарайтын болса, онда біз ХХІ ғасырдың қарсаңында Ресейдің артынан адам саны сыртқы көші – қон процестерінен ғана емес, табиғи жолмен кеми беретін “демографиялық оппа” жағдайына тап боламыз. Бұл тенденция дереу тоқтатылуға тиіс” деп айрықша атап көрсетілді.

Сол себепті бірінші демографиялық баяндамада облыс халқының соңғы 20 жыл бедеріндегі демографиялық дамуының негізгі үдерістері қарастырылады. Оның санындағы, орналастырылуы мен этникалық құрамындағы өзгерістері сарапқа салынды. Бөлек бір тарау көш - қон процестеріне арналды. Облысқа сырттан келген және облыс ішінде тұғылықты мекен – жайын өзгерткен тұлғалармен жүргізілген сауалнама мәліметтері келтірілді. Сауалнама облыстың 6 ауылдық ауданы мен Орал қаласының жаңа ықшам аудандарында жүргізілді. 2,3 мың адамы бар 300 – ден астам үй шаруашылығы қамтылды.

Біз адамзатты толғандыратын барлық басты проблемалардың ішінде халық санының өсімінің мәселесі ең негізгілерінің бірі болып табылады дегенге сүйендік. Халықтың саны оның тарихын құрайтын адам баласының

барлық экономикалық, әлеуметтік және мәдени қызметтерінің жалпы нәтижесін білдіреді. Сол себепті демографиялық жағдайдың осы басты аспектісін облыс ауқымында зерттеу ұсынылып отырылған баяндаманың шешуші бағыты болып табылады. Бұл – Қазақстанда жеке бір облыс бойынша демографиялық жағдайға жалпылама жасаған алғашқы тәжірибе. Авторлар халықтың дамуының ерекшеліктері мен жалпы заңдылықтарын нақтылау үшін Қазақстандағы әр облыс бойынша демографиялық мәселелерді жүйелі түрде зеріттеп отырудың қажеттілігіне сенімді. Әрине, біздің ресейлік әріптестеріміз жасап отырғаны сияқты тұтастай еліміз бойынша да жалпы сараптамалық баяндама өте қажет.

Баяндамада облыстық статистика басқармасының ресми мәліметтері, Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының құжаттары, ғылыми жарияланымдар мен зерттеулердің материалдары, сондай – ақ олардың негізінде алынған есептік көрсеткіштер пайдаланылды. Әлі ресми қорытындылары шығарылып, жарияланбағандықтан 2009 жылғы халық санағының нәтижелері баяндамада қамтылған жоқ.

Баяндаманы мына құрамдағы авторлар ұжымы дайындады:

Жетекшісі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Сдықов М.Н.

Бөлімдердің авторлары:

1. Халықтың саны, орналастырылуы және этникалық құрамы – Сдықов М.Н.

2. Көш – қон процестерінің негізгі бағыттары, сипаты және ауқымы – география ғылымдарының кандидаты, доцент – Терещенко Т.А.

3. “Батыс Қазақстан облысындағы қоныс аударушылардың әлеуметтік хал - ахуалы және бейімделуі” - Шерғалиева М.Т., Итенова А.А.

4. Қосымша

# 1. ХАЛЫҚТЫҢ САНЫ: ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ.

## 1.1. Облыс Қазақстан Республикасының құрылымында

2009 жылғы 1 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының халқы 618 785 адам құрады.

Облыс аумағының көлемі 151, 3 мың шаршы километр болып, Қазақстанның жалпы аумағы көлемінің 5 пайызын дерлік алып жатыр. Халықтың орташа тығыздығы 2009 жылдың басында 1 шаршы километрге 4,1 адамнан келді. Ал республикада болса бұл көрсеткіш 1 шаршы километрге 5,8 адам. Батыс Қазақстан облысында 618785 адам тұрады. Бұл Қазақстан халқының жалпы санының 3,9 пайызы.

Қазақстан Республикасында 2009 жылғы 1 қаңтарда 15 776 492 адам тұрды.

1989 – 2009 жылдардағы кезеңде Қазақстан Республикасының халқы 687, 9 мың адамға кеміді. Халықтың кемуі негізінен алғанда қала халқы есебінен болып, 2009 жылдың бас кезінде 1989 жылғы көрсеткіштен 1 миллионнан астам адамға төмендеп кеткен. Ауыл халқының 320 мың адамға аздап өсімі мұнда табиғи даму қарқынының төмендеп, ауылдан қоныс аударушылардың көбеюінен болып отыр.

Абсолюттік сандар Қазақстандағы демографиялық процестердің сипаты жөнінде толық мағұлмат бермейді. Мамандар Қазақстандағы демографиялық жағдайдың өзгерісінің үш кезеңін бөліп көрсетеді. Бірінші кезең – 1991 – 1993 жылдар – демографиялық процесстердің серпінді дамуы; 1993 – 2002 жылдар – қоныс аударып



кетушілер мен табиғи дамудың төмендеуі салдарынан елде демографиялық жағдайдың нашарлауы; 2003 жылдан қазіргі кезге дейін – демографиялық дамудың баяу қалпына келуі.

Солай бола тұрса да 20 жыл бедерінде ел халқы дамуының негізгі нәтижелері мен тенденциялары толық көз алдымызда. Бұл – халықтың этникалық құрылымының қазақ ұлты адамдарының үлес салмағының басымдылығына қарай өзгерісі; Қазақстанның барлық өңірлерінде жалпы халық санының кемігендігі; астаналық қалалар - Астана мен Алматыны қоспағанда хала халқы санының азаюы; демографиялық процестердің жаңа моделінің пайда болуы.

Батыс Қазақстан облысы халық саны жөнінен Атырау, Маңғыстау және Солтүстік – Қазақстан облыстарынан алда және Қазақстанның ауыл халқы басым тұратын аймағына жатады. Облыс халқының дамуындағы өзгерістер тұтастай еліміздегі демографиялық процестермен байланысты. (Қосымша. 1 Кесте)

## **1.2. Облыс халқы санының өзгерісі.**

Облыс халқының даму процестерін 1959 жылдан 2009 жылға дейінгі кезеңде қарастырмақпыз. Жарты жүзжылдықта өткен жол өткен процестердің мәнін түсіну және мақсатты әрекеттер мен шешімдердің жүйесі ретінде облыс ауқымында тиісті демографиялық саясатты жүзеге асыруды ұғына түсуді талап етеді.

Соғы 50 жылда облыс халқы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бұл әуелгі кезекте ұдайы өсім режимінің, өмір сүру ұзақтылығының, жыныстық жас құрылымының және т. б. өзгерістерімен сипатталатын табиғи дамуға қатысты. Отбасылық институт: некеге тұратын уақыт, балалар саны, дәстүрлі салттар және басқа көптеген мәселелер түбегейлі өзгерді.

Облыс халқының этнодемографиялық келбетін қалыптастыруда көш – қон процестері де маңызды рол

атқарды. Халықтың көшіп – қонуы әртүрлі бағытта өрістеді. Егер 50 – 60 жылдары тың жерлерді игеру мен мұнай – газ кешендерін пайдалануға беруге байланысты жаппай ағылулар байқалса, ал 80 – ші жылдары кері қайтулар басталып, ол өткен ғасырдың 90 – шы жылдарының бірінші жартысында күшейе түсті. Ауылда тұрғындардың жалпы санының қысқаруымен бір мезгілде кішігірім кенттер мен ауылдарды жабу есебінен елді мекендердің саны азайды. Сөйтіп, халық көпшілік жағдайда саяси оқиғалармен және әлеуметтік – экономикалық бағдарламалармен және нәтижелерімен алдын ала айқындалған даму жолынан өтті.

Біз талдауды облыс халқы санының динамикасынан бастамақпыз. Біз 1959 жылғы халық санағының қорытындылары мен облыстық статистика басқармасының 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдайды бойынша мәліметтерді негізге алдық.

Облыс аумағындағы бірнеше қайтара жүргізілген әкімшілік – аумақтық өзгерістер қандай ма болмасын бір аумақ бойынша демографиялық талдаулар жасауды қиындатады. Сол себепті біз аудандар халқы бойынша 1959, 1970, 1979 жылдардағы әкімшілік шекараларының 1978 жылғы 1 шілдедегі мәліметін пайдаландық. Ал мына жылдардың – 1989, 1999 және 2009 жылдардың статистикасы енді таратылмаған, қазіргі аудандар шекараларын есепке ала отырып берілді.

Тұтастай алғанда, 1959 жылдан 2009 жылға дейінгі елу жылда облыс халқының саны 381 931 – ден 618 785 адамға дейін, немесе 236 854 адамға өсті. Облыс халқының өсім деңгейі көп емес және 61,7 пайыз құрайды. Орта есеппен алғанда халық жылына 5 мың адамға өсті. Осы мерзім ішінде Қазақстан Республикасының халқы 6,1 миллионнан 16.1 миллион адамға дейін, немесе 2,5 есе өсті. Демек, облыс халқының саны Қазақстан бойынша тұтастай алғандағыдан 3 есе дерлік баяу өсті.

**1 Кесте. 1959 – 2009 жылдардағы Батыс Қазақстан облысының тұрақты халқының саны (адам)**

(1.07.1978 ж. әкімшілік шекараларындағы 1959, 1970, 1979 жылдардың мәліметтері; 1979 жылдан – аудандардың қазіргі шекараларында)

№	Батыс Қазақстан облысының аудандары	1959	1970	1979	1989	1999	2009 (1.01-re)
1	Орал қ.	100864	139489	189423	225700	221855	241468
2	Ақжайық	15087	19211	22155		49364	44311
3	Бөкейорда	11734	15467	17081	18 272	19 272	17949
4	Берлі	33518	40275	38756	40 524	48 958	56452
5	Жаңақала	13734	17635	19495	21 210	23 560	23844
6	Жәнібек	12559	18875	19437	21 187	19 511	18311
7	Зеленов	23585	30751	31208	26 478	56 611	55186
8	Казталовка	11752	16172	17800	18161	38 703	35345
9	Қаратөбе	12904	18230	20676	22 054	21 115	19234
10	Сырым	20963	29869	34091	35 541	30 804	25036
11	Тасқала	16711	21308	22453	21 588	20 645	18867
12	Теректі	18726	26623	29344	29428	44 603	42813
13	Шыңғырлау	20478	28490	29720	26 433	21 799	17893
	Таратылған аудандар						
	Приурал	24287	33643	35988	36127		
	Чапаев	18407	23633	26396	43695		
	Тайпақ	10803	15561	17319	23977		
	Фурманов	14370	18614	20032	21139		
15	Облыс бойынша қорытындылар	381931	513843	585501	629494	616 800	618 785

*\*Есептелді: БҚО МА 850 қор. 1 тізбе, 1821 іс – 1 – 17 беттер; 693 қ – 1 тізбе. – 2052 іс – 22 – 34 беттер, 693 қор. – 27 тізбе. 249 іс – 32 беттер; 248 іс – 14. бет; 693 қор, 40 – тізбе, 30 – іс, 2-4, 20 – 21 беттер, ; 693 қор, 40 – тізбе, 30 – іс, 20 – 21 беттер, 693 қор, 40 – тізбе, 51 – іс, 1- 24 беттер, 54 іс 1-10 беттер, 55 іс – 6 -16 беттер, 56 іс – 6 -16 беттер, 57 іс – 6 -16 беттер, 58 іс – 6 -16 беттер, 59 іс – 6 -16 беттер, 60 іс – 6 -16 беттер, 61 іс – 6 -16 беттер, 62 іс – 6 -16 беттер, 63 іс – 6 -16 беттер, 64 іс – 1 - 10 беттер, 65 іс – 1 - 10 беттер, 65 іс – 1 - 10 беттер, 66 іс – 6 - 21 беттер, 67 іс – 6 - 21 беттер, Қазақстан Республикасындағы халық санағының қорытындылары. 1. Т. ҚР халықтың саны мен орналастырылуы – Алматы. 2000. – 31.38 б;*

*халық теріс өсім берген аудандар қызыл түспен ажыратылып берілді.*

Салыстырмалы кесте демографиялық процестердің әлеуметтік – экономикалық жағынан алдын – ала жобаланғандығын көрсетеді. Ауылдық аудандарды халықтың өсімі бойынша екі топқа бөлуге болады. Бірінші – бұл

халықтың өсімі көп емес аудандар, ал Шыңғырлау ауданында халық саны 50 жылда тіпті кеміп кетті. Екінші топ – бұл халықтың өсімі байқалаған аудандар. Алай да мұндай өсімнің басты себебі - біріктірілу жолымен бірқатар аудандардың ірілендірілген кезіндегі облыстың әкімшілік – аумақтық құрылымының өзгерісіне байланысты шаралар болды. Сол себепті Ақжайық, Зеленов, Теректі және Казталовка сияқты аудандардағы халықтың өсімі демографиялық процестердің нәтижесі болған жоқ.

Халық саны айтарлықтай дәрежеде өскен Бөрлі ауданы айрықша түр. Мұндағы өсімнің басты факторы Қаршығанақ кенішінің игерілуіне және барлық ілесе келген, бірінші кезекте аудан орталығы – Ақсай қаласының өсуіне жол ашқан инфрақұрлымның дамуымен байланысты. Ақсайлық қала тұрғындарының толығы облыстан тысқары жерлерден келушілердің есебінен де, Бөрлі ауданының өзі мен көршілес Шыңғырлау ауданының ауылдық тұрғындарының қоныс аударып келуінен де жүзеге асты.

Алай да халықтың ең шұғыл өсімі бұл жылдары облыс орталығы Орал қаласында жүзеге асты. Бұл екі жағдаймен байланысты – қалаға ауылдық жерлерден тұрғындардың және облыстың тысқары жерлерінен өнеркәсіптік құрылыстарды жүргізуге мамандардың көптеп келуінен. 60 –шы жылдары, әсіресе, 70 – ші жылдары қала өзінің келбетін өзгертті – патриархальдық өмір салтына бейімделген провинциялық қалашықтан өнеркәсіпті, студенттік қалаға айналды. 80 – ші және әсіресе 90 – шы жылдары Оралдың халқы негізінен алғанда облыс ішілік көш – қон есебінен - ауылдық жерлерден көптеп келушілермен толықты.

Алай да қалалықтардың өсімі ауыл тұрғындарының өсу қарқынын айтарлықтай басып оза тұрса да Батыс Қазақстанның ауыл халқының басымдылығы сақталып қалды. Егер 1959 жылы қала халқы 114028 адам, немесе 29.8 пайыз болса, ал 2009 жылы енді 276 325 адам, немесе облыс халқының жалпы санының 44,6 пайызын құрады. Батыс Қазақстан облысында ауыл халқының басымдылығы сақтала тұра, қала халқының өсімі жалпықазақстандық

деңгейден озып кетті. Дей тұрғанмен қала халқы әлі де болса облыс халқының жартысынан кем.

Облыс халқының даму динамикасы көрсетіп отырғаныдай, осы барлық көрсетілген мерзім ішінде оның саны ХХ ғасырдың 90 – шы жылдары ғана кеміді. Бұл кему біртұтас кеңес мемлекетінің және біртұтас экономиканың түбірінен құлауына байланысты өткен демографиялық дамудың барысын тежеп тастады. 70 – ші жылдардың соңында және 80 – ші жылдары облыс халқының өсім қарқынының, тұтас Қазақстандағы сияқты төмендеуі, қолайсыз әлеуметтік – экономикалық жағдайда “жаппай сипат” алды – туу күрт кеміп, өлім көбейді және бұл барлық этникалық топтарда да орын алды. Қазақстанға және облысқа 60 – шы және 80- ші жылдардың бас кезіндегі қоныс аудару белсенді түрде жүзеге асырылғанда келіп қалған халық тобының кері қайтуына байланысты жағдай шиеленісе түсті. Қазақстанның барлық өңірлерінде халық санының өсімі теріс белгіге дейін төмендеп, ал Батыс Қазақстан облысында халық 629,5 мыңнан 616,8 мың адамға дейін кеміп, 1984 жылғы деңгейге дейін құлдырады. Сөйтіп, өтпелі кезеңдерде өріс алған жалпы жүйелік дағдарыс демографиялық дамудағы теріс процестерді жеделдетіп, тереңдете түсті.

Жекелеген мамандардың халықтың азаюы тек қана көш – қонның күрт өсуімен түсіндіріледі деген пайымы шынайы көріністі айтарлықтай көмескілеп, демографиялық жағдайдың мәні туралы толық түсінік бермейді. Облыс халқының өсім қарқынының баяулауы 70 – ші жылдардың соңында енді белгілі құбылсқа айналды.

Осы тұжырымды дәлелдей түсу үшін облыс халқының негізгі ұлттық топтарының санындағы өзгерістерге талдау жасалық. 2 кестеде 1959 – 1989 жылдар аралығындағы кезеңдердегі ұлттық құрамның өзгерістері жөнінде мәліметтер келтірілген. Қызыл түспен баяулауды көрсететін жылдар мен көрсеткіштер, сосын облыстағы негізгі ұлттық топтарды құрайтын орыстар, украиндар, татарлар, белорустар мен немістер санының төмендеуі. Статистикалық мәліметтер негізінде процестің басталуы 1979 – 1989 жылдардағы кезеңге келеді.

**2 Кесте. Батыс Қазақстан облысы халқының ұлтық құрамы мен санының өзгерістері**

облыс	Жыл-дар	Бар-лығы	соның ішінде						
			қазақ-тар	орыс-тар	украин-дар	татар-лар	Бело-русьтар	неміс-тер	басқа ұлт
	1959	381931	175333	158157	27857	10116	2257	2252	5959
	1970	513843	253127	197171	32018	12456	6030	4135	8906
	1979	585501	301622	217743	32141	12855	5805	4621	10714
	1989	629494	351123	216514	28092	12703	5112	4550	11400
	1999	616800	399030	174018	19634	10104	3577	2434	8003
	2009	618785	438937	141327	15213	9059	2737	1503	10009

*\*Есептелді: БҚО МА 850 қор. 1 тізбе, 1821 іс – 1 – 17 беттер; 693 қор – 1 тізбе. – 2052 іс – 22 – 34 беттер, 693 қор. – 27 тізбе. 249 іс – 32 бет; 248 іс – 14. бет; 693 қор, 40 – тізбе, 30 – іс, 2-4, 20 – 21 беттер, ; 693 қор, 40 – тізбе, 30 – іс, 20 – 21 беттер, 693 қор, 40 – тізбе, 51 – іс, 1- 24 беттер, 54 іс 1-10 беттер, 55 іс – 6 -16 беттер, 56 іс – 6 -16 беттер, 57 іс – 6 -16 беттер, 58 іс – 6 -16 беттер, 59 іс – 6 -16 беттер, 60 іс – 6 -16 беттер, 61 іс – 6 -16 беттер, 62 іс – 6 -16 беттер, 63 іс – 6 -16 беттер, 64 іс – 1 - 10 беттер, 65 іс – 1 - 10 беттер, 65 іс – 1 - 10 беттер, 66 іс – 6 - 21 беттер, 67 іс – 6 - 21 беттер, Қазақстан Республикасындағы халық санағының қорытындылары. 1. Т. ҚР халықтың саны мен орналастырылуы – Алматы. 2000. – 31.38 б; Қазақстанның этнодемографиялық жылнамасы. Алматы, 2006. – 3.б.- 55...*

Халықтың өсім динамикасы облыстағы негізгі халық топтары санының бірыңғай еместігін көрсетеді. 1959 – 1970 жылдары украиндар санының – 4.2 мың адамға, белорустардың – 2,5 есе дерлік, татарлардың 2,3 мың адамға, немістердің 2 есе дерлік қауырт өсуімен көрінді. Орыс жұртшылығы 40 мың дерлік адамға өсті. Адамдардың қоныс аударуының басты себебі – облысқа тың және тыңайған жерлерді игеру нәтижесінде, әсіресе Украина мен Белоруссиядан көптеп келуі болды.

Бұған кейінгі онжылдықтарда аталған халық халық топтары санының ұлғаюының күрт төмендеуі айғақ. Қазақтанға басқа халықтың барлық топтары үшін демографиялық дамудың баяулауы тән. 1979 жылы 1970 жылмен салыстырғанда орыс халқының жалпы санының өсімі 20572 адам құрап, екі есе дерлік кеміді. Украин халқы бар болғаны 123 адамға өсті.

Алай да неғұрлым қауырт өзгерістер басқа ұлттық топтарда жүзеге асты. Мысалы татарлар саны 10 жылда 152 адамға ғана өсті. Немістер – 456 адамға; ал белорустар - 225 адамға кеміп кетті.

Сөйтіп, 1970 – 1979 жылдары аталған ұлттық топтар санының өсімі облыста ең аз мөлшерге дейін төмедеп барып, тоқтады. Бұл аталған халық топтары өкілдерінің облыстан тысқары жерлерге қоныс аударуларының нәтижесінде мүмкін болды. Қазақстанда тың жерді игерудің белсенді фазасы аяқталып, тың игерушілердің келуі іс жүзінде тоқталды. Және 70 – ші жылдардың орта шенінен бастап жаңадан келгендердің кері қайту процесі басталды.

Қазақстаннан кетудің қозғалысы 1979 – 1989 жылдары да жалғасты. Бұл кезеңдерде облыста орыстардың саны 217 743 – тен 216514 адамға, немесе 1229 адамға, украиндар 32141 – ден 28092, немесе 4049 адамға, татарлар – 152 адамға, белорустар – 693 адамға және немістер – 71 адамға дейін азайды. Абсолюттік сандар мұнда қазақтардан басқа барлық негізгі ұлтардың саны мен үлес салмағының ұдайы төмендеуінің қалыптасқан жағдайын көрсетеді.

70 – 80 – ші жылдары аталған ұлттық топтар санының кемуінің негізгі себептері:

- отбасыларында балалардың саны 1 – 2 – ден аспаған жағдайда жанұя қалыптастырудың жаңа режиміне көшу. Жаңа модель, аз балалы отбасыларының тұрпаты біртіндеп қазақтардан басқа барлық ұлттық топтардың негізіне айналды. 1988 жылы облыс бойынша тұтастай алғанда 63,8 пайыз отбасыларында бала саны 2 – ден аспады.

- орыс тілді жастардың білім алу және жұмысқа орналасу мақсаттарында Қазақстаннан кетуі орта және егде жастағы адамдар басым жерлерде туудың азаюына, жас құрылымдарына әсерін тигізді.

- тың көтеруге және өнеркәсіптік құрылыстарға келген адамдардың Қазақстаннан кері қоныс аударулары.

Аталған процестер кеңес қоғамы мен экономикасы біртіндеп ене берген экономикалық, әлеуметтік және саяси дағдарыстың негізіне айналды.

Ресейге қарағанда ұлттық республикадағы неғұрлым өткір әлеуметтік және тұрмыстық мәселелердің шешілмеуі жастар мен Қазақстанның жаңа тұрғындарын “кері серіпті”.

Сонымен қатар жекелеген ұлттық топтардың, атап айтқанда немістер мен еврейлер санының Қазақстаннан тысқары тарихи отындарына кетіп азаюы.

80 – ші жылдардың аяғына қарай облыстың да, еліміздің де демографиялық дамуында кеңес қоғамының дағдарысты жағдайына айғақ болатын тенденциялар қалыптасты. Сол себепті КСРО – ның құлауына байланысты үдей түскен бұл процес жаппай сипат алып, халықтың жалпы санының азаюына әкеліп соқтырды.

Келесі онжылдық – 1989 – 1999 жылдар облыс халқының құрамында неғұрлым күрт өзгерістер уақытына айналды. Біріншіден, халықтың жалпы саны 629.5 мыңнан 616,8 мың адамға дейін азайды. Екіншіден, ұлттық құрам құрылымы өзгеріп, қазақ халқы басым роль атқара бастады. Статистикалық мәліметтер бұл өзгерістердің негізгі параметрлерін дәл айқындауға мүмкіндік береді.

Бұл кезеңде орыс халқы 42 496 адамға кемісе, қазақ халқы 47 907 адамға артты. Негізгі басқа ұлттық топтардың барлық қосып алғандағы саны 55 669 адамға азайды.

1999 – 2009 жылдардағы кезеңде бұл қарқын баяулай түскенімен қазақ халқынан басқа барлық ұлттық топтар халқының санында азаю тенденциясы айқындаушы күйінде қалды.

Нәтижесінде 2009 жылға қарай облыс халқының жаңа ұлттық құрылымы қалыптасты. Қазақтар халықтың тұрақты түрдегі көпшілік бөлігін құрады – саны 175 333 – тен 438 937 адамға дейін, немесе 2,5 есе өсіп, облыс халқының 70,9 пайызын құрады. Орыстардың үлес салмағы 41,4 пайыздан 22,8 пайызға дейін, ал абсолюттік тұрғыдан есепке алғанда 158 157 – ден 141 327 адамға дейін азайды. Украиндар саны 19634 – тен 15213 адамға дейін азайып, жалпы адам санының 2,3 пайызын құрады. Татарлардың үлес салмағы



1,4 пайыз, белорустар – 0,4 пайыз, немістер – 0,2 пайыз, басқа халықтар – 1,6 пайыз құрады.

Облыс халқының этнодемографиялық дамуында басты тенденция соңғы жалдары бір ғана қазақ ұлттық тобының өсуі болды. Бұл процестің себептері объективті: табиғи өсімнің айтарлықтай жоғары қарқынының сақталуы мен орнығуы, жанұя институтының қадір - қасиеті мен беделінің сақталуы, 30 жасқа дейінгі жастағы халықтың пайызының жоғарылығы. Бұл облыста демографиялық жағдайдың біртіндеп қайта қалпына келуіне шешуші ықпал етті.

90 – шы жылдары халықтың облыстан тысқары жерлерге кетуімен бірге табиғи қозғалыстың нашарлауындағы елеулі теріс факторға айналды. Демографиялық өзгерістердің күрделі факторлары мен ауқымы халықты қайта қалпына келтіру процесінде елеулі іркіліске әкеліп соқтырды. Бұған қоныс аударудың қауырт дүбілісінен кейін де халық санының азаюының жалғасып отырғандығы айғақ.

Облыс бойынша халықтың азаюы 2002 жылға дейін жалғасты. 1989 – 1999 жылдары облыс халқының саны 629,5 мыңнан 616,8 мың адамға дейін, немесе 12,7 мың адамға дейін азайды. 1999 жылдан 2002 жылға дейін ол 600,3 мың адамға дейін, немесе 16,5 мың адамға төмендеді. Демек, халықтың өсімі көш – қонның саябырсыған кезінің шегіне дейін жетіп барып, теріс маңызын сақтаған күйде қалып қойды. Бұдан шығатын қорытынды 90 – шы жылдардың бас кезінде халық санының азаюы халықтың, негізінен алғанда орыс тілділердің қоныс аударып кетуінен туындаған болса, 90 – шы жылдардың орта шенінен бастап көш – қон ауқымы біте келгенде, азаюдың негізгі факторы – халықтың көптеген жіктерінің өмір сүру жағдайы мен сапасының нашарлауына байланысты туудың күрт құлдырауы мен өлім – жітімнің арта түсуі болды.

2003 жылдан бастап экономиканың көтерілуі, қоғамның басым бөлігінің жағдайының тұрақтануы оң демографиялық сипаттардың қайтадан қалпына кетірілуіне әкеліп, тұтастай алғанда облыста халық санының өсімін туғызды. Және де 2002 жылдан 2009 жылға дейінгі кезеңде халық 600,3 мыңнан 618, 8 мыңға дейін, немесе 18.5 мың адамға өсті.

**3 Кесте. 1999 – 2009 жылдарда облыстағы, өңірдегі және Қазақстандағы халық санының динамикасы. (адам).**

	жылдар										
	алдыңғы жылдарды қоса алғанда +, -										
	Жыл ішіндегі өсім пайызы										
	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009
БҚО	616800	609161	601648	600330	602133	603832	606534	609291	612479	615310	618785
		-7639	-7513	-1318	+1803	+1699	+2702	+2757	+3188	+2831	+3475
		на 1,2%	на 1,2%	на 0,2%	на 0,3%	на 0,3%	на 0,4%	на 0,5%	на 0,5%	на 0,5%	на 0,5%
өңір бойынша	2054313	2043771	2034700	2044395	2061051	2082527	2110361	2142833	2179151	2216742	2258222
		-10542	-9071	+9695	+16656	+21476	+27834	+32442	+36348	+37591	+41480
		на 0,5%	на 0,4%	на 0,3%	на 0,8%	на 1,0%	на 1,3%	на 1,5%	на 1,7%	на 1,7%	на 1,8%
Қазақстан бойынша	14955106	14901641	14865610	14851059	14866837	14951200	15074767	15219291	15396878	15571506	15776492
		-53465	-36031	-14551	+15778	+84363	+123557	+144524	+177587	+17462	+204986
		0,4%	0,2%	0,1%	0,1%	0,4%	0,8%	0,9%	1,1%	1,1%	1,3%

Облыс халқының өсімі өңір бойынша да, Қазақстан бойынша да халықтың өсімінен айтарлықтай арта қалған. Кестедегі мәліметтерден көрініп отырғанындай, облыс халқының санын қайтадан қалпына келтіру процесі жылдар бойынша да, тұтастай алғанда он жыл бедерінде де неғұрлым баяу өтуде.

1999 – 2009 жылдардағы кезеңде халықтың өсімі: облыс бойынша – 0,3 пайыз, өңір бойынша – 9,1 пайыз, тұтас Қазақстан бойынша 5,3 пайыз құрады. Облыс бойынша бетбұрыс 2003 жыл болды. 19993 жылдан бастап ұзақ уақыт бойы құлдыраулардан соң бірінші рет халықтың өсімінің оң маңызы тіркелді. Батыс Қазақстан өңірі бойынша халық санының өсімі 2002 жылдан бастап байқалды.

### 1.3. Орал қаласының және облыс аудандары халқының өсімі

Батыс Қазақстан облысының әкімшілік – аумақтық құрылымы 12 ауданнан және облыс орталығы Орал қаласынан тұрады.

Қала және ауыл халқы. Халықтың аталған тобының арақатынасы әлеуметтік – экономикалық түбегейлі өзгерістердің бағдарын айқындап, облыстағы қалалану (урбанизация) процесіндегі тенденцияларды анықтауға мүмкіндік береді. Келтірілген кестеден көрініп отырғанындай қала халқының үлес салмағы тұрақты түрде өсіп келе

жатқандығы байқалады. Солай бола тұрғанымен ауыл халқы қарастырылып отырған кезеңнің өн бойына өзінің басымдылығын сақтап келеді.

2009 жылы облыстың құрылымында 2 қала қалды: облыс орталығы – Орал мен Бөрлі ауданының орталығы Ақсай. Ал 1989 жылы 9 қалалық қоныстар – 3 қала мен 6 қала үлгісіндегі кент болған еді. Сөйтіп, қала халқының өсімі негізінен алғанда Орал мен Ақсай қалаларының есебінен жүзеге асты.

Облыс халқының құрылымында неғұрлым белсенді өзгерістер 70 – ші жылдары жүзеге асты. Өнеркәсіптің, транспорт пен құрылыстың қарқынды түрде дамуының арқасында қала халқының өсіміне жол ашылды. Бұл жылдарда Оралда жаңа кәсіпорындар салынып, ескілері кеңейтілді, ал Ақсайда Қаршығанақты игеру басталды.

Бұл жылдары ауыл халқының өсімі баяулап, 1970 – 1979 жылдары ол небәрі 11,5 мың адамға өсті. Ауыл халқы 94, 5 мың адамға жеткен мұның алдындағы 1959 – 1970 жылдардағы халық санағымен салыстырғанда өсім 8 еседен астам азайып кетті. 1989 жылғы халық санағында енді ауылдықтар санының азайғандығы байқалды. Абсолюттік көріністе бұл 5 978 адам құрады. 60 – шы жылдарда ауыл халқы санының “секірісі” айтарлықтай қомақты мөлшедегі адамдардың тың жерлерді игеруге көптеп келуімен түсіндіріледі. Мұнан былай ауыл халқының өсімі аз мөлшерде болды. Ал 90 – шы жылдары мұның алдындағы жылдардан қайтып төмендеп кетті.

**№4 Кесте. 1959 – 2009 жылдарда облыстың қала және ауыл халқы санының динамикасы. (адам).**

	Жылдар – саны /үлес салмағы					
	1959	1970	1979	1989	1999	1.01.2009
қалалық	112713/29,5	157153/30,6	217391/37,1	267362/42,5	251761/40,8	276325/44,6
ауылдық	262218/70,5	356690/69,4	368110/62,9	362132/57,5	365039/59,2	342460/53,4

Қалалар халқы санының өсімі бұл жылдары Қазақстанда заңды құбылысқа айналған қалалану процесінің көрінісі болып табылады. Сол себепті облыс ауқымында халықтың дамуы жалпылама сипат алады. Өсім қарқыны жөнінен қала халқы ауылдықтарды айтарлықтай басып озады. 50 жылда

ауыл халқы бар болғаны 76 пайыз ғана өссе, қала халқының саны 2,5 есе өсті.

Орал қаласы. 1989 жылдан 2009 жылға дейінгі кезеңде облыс орталығының халқы түбегейлі өзгерді. Бұл кезеңді түпкілікті жаңғыру кезеңі деп атауға болады. Қала тарихында бұл жылдарды қоныс аударушылар Оралды меңіреу жатқан казак қалашығынан көп сословиелі, көп ұлтты, көп дінді облыс орталығына айналдырған XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі тарихымен салыстыруға болады. Ол кезде патшалық Ресейдің жүргізген реформалары Оралдың және тұтастай алғанда барша облыстың жанаруының себебіне айналды.

Қазіргі кездегі демографиялық процестер Қазақстан Республикасында жүріп жатқан осы заманғы түбегейлі өзгерістердің көрінісі болып табылады. Орал халқының қалыптасуы мен дамуындағы неғұрлым ірі өзгерістер халықтың өсім қарқынының төмендеуінен және көш – қонның арта түскен роліне байланысты туындады.

*(Кестеде қала халқы облыс орталығына енетін барлық елді мекендермен қоса келтірілді)*

Жылдар	Бар-лығы	соның ішінде						
		қазақтар	орыстар	украиндар	татарлар	Белорусьтар	немістер	басқа ұлт
1989	224680	52413	146474	10511	6622	1878	1726	5056
1999	221855	81897	119532	7870	5676	1336	1362	4182
2009	243544	129588	95882	6097	5120	981	830	5046

Статистикалық есеп мәліметтері бұл процестердің сипаты мен ауқымдары туралы түсінік береді. Біздің бір кестеде халықтың жалпы саны мен ұлттық құрамының санын біріктіргеніміз кездейсоқтық емес. Тек қана салыстыру әдісімен талдау жасалынған жағдайда ғана болған өзгерістердің ішкі механизмдерін белгілеуге болады.

20 жылда халықтың жалпы саны өсті. 1999 жылы облыс халқы 1989 жылмен салыстырғанда 2 855 адамға азайып кеті. Орал халқы санының азаюы 2001 (осы жылды тұтас қоса) жылға дейін созылып, бұл жылы қалада 212 997 адам есепке алынды (- 11683). Келесі 2002 жылы қала халқының саны өсіп, 2009 жылы Орал қаласының тұрғындары 30 547 адамға дейін артты. 2002 – 2009 жылдары қалалықтардың жыл сайынғы өсімі 80 –

ші жылдардағы орташа жылдық көрсеткіштен асып (1979 – 1989 жылдары – 3,6 мың адам) 3,9 адам құрады.

Орал халқының ұлттық құрылымына талдау жасау халық санының өзгерістеріндегі негізгі факторларды айқындауға мүмкіндік береді. Олардың ішіндегі ең маңыздысы қала халқының құрамында қазақтардың санының көбеюі мен орыстардың санының күрт азаюы болып табылады. 20 жыл ішінде қазақтар 2,4 есе өсіп, 52,4 мыңнан 129,6 мыңға дейін жетті. Сөйтіп, үлес салмағы 23,3 пайыздан, 53,1 пайызға дейін жетті. Орыстардың саны бұл кезеңдерде үштен бірге, немесе 50,6 мың адамға азайып, нәтижесінде үлес салмағы 65,2 пайыздан, 39,3 пайызға дейін төмендеді. Немістер мен белорустардың саны екі есе дерлік, украиндар – 42 пайызға, татарлар 23 пайызға азайды.

Демографиялық процестердің механизмі халықтың өсуінің табиғи да, механикалық та қарқындарын салыстырғанда белгілі болады.

Төмендегі кестеде келтірілген мәліметтер Орал қаласы тарихындағы айтарлықтай елеулі кезеңдер туралы айтып береді. Табиғи өсімнің төмендеуі 2003 жылға дейін созылды. Және де бұл процес қалада өзінің ерекшеліктерін көрсетті. Егер 10 жылда туу ұдайы өссе, нәтижесінде 2008 жылы 1999 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2,7 есе өсті. Өлім де алыңғы көрсеткіштерден асып түсті – 1999 жылы 2766 адам дүниеден өтсе, 2008 жылы – 2997 адам. Қала үшін 2003 жыл бетбұрысты жыл болып, бірінші рет табиғи өсімнің оң сипаты есепке алынды. Оның қарқыны бес жылда 12 еседен астам өсті.

### *Халықтың өсуінің қарқыны (адам)*

	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008
Дүниеге келгені	1946	2182	2394	2855	3325	3791	3934	4223	4634	5194
Қайтыс болғаны	2766	2927	2855	3176	3114	3016	3089	3107	3185	2977
өсім	-820	-745	-461	-323	+181	+775	+845	+1116	+1449	+2217
Келді	2976	4874	9192	10276	7446	6508	8765	7670	8299	6433
Кетті	7641	8032	5648	5025	4189	4274	4867	4807	5383	5598
өсім	-4671	-3158	+3544	+5251	+3257	+2234	+3898	+2863	+2916	+835
өсім сальдосы	-5491	-3903	+3083	+4928	+3438	+3009	+4743	+3979	+4365	+3052

Халық санының қауырт өсімі мен табиғи дамуды қалпына келтіру процестерінде көш – қон айқындаушы роль атқарды. Салыстыру үшін мына нәтижелерді алып көрелік. 10 жыл ішінде Оралда 34476 адам дүниеге келсе, ал 63674 қоныс аударушы келген екен. Демек, қала халқы өсімінің 64.8 пайызы сыртқы негіздерден – көшіп келген жаңа тұрғындар есебінен болып отыр. Көш – қон процестеріндегі түбегейлі бетбұрыс 2001 жылы болып, қалаға келушілердің саны кетушілер санынан айтарлықтай асып түсті. Бұл жағдай бір жағынан халықтың табиғи өсімінің өзгерістерінен оң көрініс тапса, екінші жағынан көш - қонды тұтастай алғанда қала халқы санының өсіміндегі оң фактор санатына алып шықты.

Орал халқының ұлттық құрамы мен табиғи қозғалысындағы өзгерістер көш – қонның демографиялық процестердегі негізгі басымдылық болды деуге негіз болады. Бір жағдайда – бұл 90- шы жылдары орыс тілді халықтың Қазақстаннан тысқары жерлерге қоныс аударулары болса, басқаша жағынан алғанда аталған кезеңдердің өн бойына, әсіресе қарқын ала түскен 2001 жылы қазақтардың ауылдық жерлерден облыс орталығына қоныс аударулары. Оралға қоныс аударушылардың легі біртіндеп бәсеңси түсті. Ал 2008 жылы аса елеулі жағдай есепке алынды – табиғи өсім сырттан келушілерден басым түсті. Сөйтіп, Орал қаласы бойынша теріс демографиялық ахуалдың дамуы 2002 – 2003 жылдары тоқталды. Енді халықтың дамуында оң тенденцияларды беркіндіре түсу процесі басталды.

Тұтастай алғанда облыс халқының маңызды құрамдас бөлігі аудандардың халқы болып табылады. Зерттелініп отырған жылдары ол айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы халық санының азайып, өз аудандарынан тысқары жерлерге қоныс аударулары болды. 2008 жылы Бөрлі мен Жаңақала аудандарынан басқа, облыстың 12 ауданының 10 – ынан халықтың дамуының теріс маңызға ие болғандығы есепке алынды. Аталған аудандардың мысалы Қазақстандағы “ауыл – қала” бағыты бойынша ішкі көш – қон алмасулардың

жалпы тенденциясы Батыс Қазақстан облысында да болғандығын айғақтай түседі.

Әрбір аудан бойынша жеке алғандағы демографиялық жағдайды алып көрелік.

**Ақжайық ауданы.** Ақжайық ауданы құрылғаннан кейін облыста алып жатқан аумағы жөнінен ең ірі ауданға айналды. Ал халқының саны жөнінен 1989 жылы Зеленов ауданына ғана жол берді.

Осы барлық кезең ішінде аудан халқы 6 519 адамға, немесе 12,8 пайызға төмендеді. Егер бірінші онжылдықта аз ғана – 1,5 мың адамға кемісе, 1999 – 2009 жылдары 5 мыңнан астам адамға азайып кетті. Барлық ұлттық топтарда да және ауданда басым көпшілік болып саналатын қазақтар арасында да көп мөлшерде азаю байқалды.

*Халықтың саны мен ұлттық құрамының динамикасы (адам)*

Жылдар	Барлығы	соның ішінде						
		қазақтар	орыстар	украиндар	татарлар	Белорустар	немістер	басқа ұлт
1989	50830	47004	2897	276	250	65	31	307
1999	49364	46402	2459	110	183	41	11	158
2009	44311	42180	1753	72	124	25	4	153

Бұл жылдары ұлттық құрамда қандай ма болмасын айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Абсолюттік санның қысқаруы жағдайында қазақтардың үлес салмағы 92,8 пайыздан 95,2 пайызға дейін көбейді. Орыстардың саны 1 мыңнан астам адамға, ал үлес салмағы 5,7 пайыздан, 3,9 пайызға дейін төмендеді. Бұрын да аудан халқының құрамында азшылық болып келген қалған ұлттық топтардың ролі аз ғана – небәрі 0,9 пайыз.

Ресми мәліметтер бойынша халық санының қысқаруы осы жылдардың бәрінде де жүріп жатты. Басты себеп – тұрғындардың туған аудандарынан тысқары жерлерге кетуі болды. Табиғи өсім көш – қонның жалғасуына байланысты халық санының кемістігін жаба алмайды.

Соңғы он жылдағы халықтың табиғи және көш – қон өсімінің арақатынасы төмендегі кестеде келтірілді.

Туудың артқаны байқалып, осы кезеңде 18, 2 пайызға өскен. Өлімнің деңгейі іс жүзінде бұрынғысынша қалды. 2004 жылдан бастап тіпті аздап кеміген. Бұл жылдары 7359 адам дүниеге келіп, 3616 адам қайтыс болды, демек өсім 3743 адам құрап, оң маңызын сақтап қалды.

Көш – қон жөніндегі мәліметтер ауданнан халықтың кетуі жоғары деңгейде екендігін көрсетеді. 2008 жылы ауданнан 1999 жылға қарағанда адамдар 62 пайыз көп кетті. Осы жылдары небірі 14 359 адам кетіп, 4690 адам келді және тұтастай алғанда өсім 9669 адам құрап, теріс маңызын сақтап қалды.

**Халықтың өсімінің қарқыны (адам)**

	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008
Дүниеге келгені	684	697	707	667	714	761	748	764	783	834
Қайтыс болғаны	379	386	358	361	403	349	355	329	333	363
өсім	+305	+311	+349	+306	+311	+412	+393	+435	+450	+471
Келді	54	89	176	636	805	581	484	535	586	745
Кетті	775	1265	1606	1785	1414	1470	1593	1164	1325	1241
өсім	-721	-1176	-1430	-1149	-609	-889	-1109	-629	-739	-496
өсім сальдосы	-416	-865	-1081	-843	-298	-477	-716	-194	-289	-25

Сөйтіп, 1989 – 2009 жылдардағы кезеңдерде Ақжайық ауданы халқының дамуында негізгі тенденция халық санының азаюының жалғасуы болды. Бұл процесс халықтың ауданнан тысқары жерлерге қоныс аудару деңгейінің тыйылмауы салдарынан болып отыр. Соған қарамастан аудан үшін қолайсыз дамудың шарықтау шегі артта қалып, табиғи өсім теңеліп, оң тенденциялар тұрақты түрде қарқын ала бастады деген тұжырым жасауға болады.

**Бөрлі ауданы.** Аудандағы демографиялық ахуал халықтың дамуының айтарлықтай қолайлы жағдайы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Сөз жоқ, ауданның, демек халықтың да жетістігі Ақсайдың қала тұрғызушы кәсіпорындарының ғана емес, ауданның да, барлық Батыс Қазақстан облысының да экономикалық өмірінің орталығына айналған Қарашығанақ кенішінің қызметіне толық байланысты.